

Жастар арасында қаржылық сауаттылықтың төмен болуының себептері

ЖАРИЯЛАНДЫ
23.10.2025

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/183530/>

Әбдуәлі Әйкерім

Жетекші: **Ә. Ж. Талғатқызы**

Тұран университеті

Қазіргі заман жастары ақпараттық дәуірде өмір сүргенімен, олардың көпшілігі қаржылық сауаттылық тұрғысынан осал екенін байқауға болады. «Қаржылық сауаттылық» – қаржыны жоспарлау, табысты басқару, ақшаны үнемдеу, инвестициялау және қарыздан сақтану қабілеті. Бұл түсінік заманауи өмірдің негізгі дағдыларының біріне айналғанымен, жастардың арасында оның деңгейі әлі де төмен. Бұл мәселенің пайда болуына бірқатар әлеуметтік, психологиялық және білім беру факторлары әсер етеді.

Бірінші себеп – отбасындағы қаржы мәдениетінің әлсіздігі. Көптеген ата-аналар балаларымен ақша туралы ашық сөйлеспейді. Отбасы бюджетін жоспарлау, табыс пен шығынның айырмашылығын түсіндіру сияқты дағдылар жасөспірім кезеңнен бастап қалыптасуы тиіс. Алайда кейбір отбасыларда «ақша туралы айту ұят» деген түсінік сақталған. Соның салдарынан жастар қаржының құнын түсінбей, ақшаны сезінбей өседі. Нәтижесінде олар табыс пен шығын арасындағы байланысты уақытында игермейді.

Екінші маңызды фактор – білім беру жүйесінде қаржылық сауаттылық пәнінің жеткілікті деңгейде енгізілмеуі. Мектеп бағдарламасында міндетті түрде оқытылатын пәндер арасында қаржыны басқару дағдыларына арналған толыққанды курс жоқ. Университетте де тек экономикалық мамандықтарда ғана бұл тақырып қозғалады. Жоғары сынып немесе студенттік шақта жастар стипендия немесе ата-ананың берген ақшасын қалай дұрыс жұмсауды білмей, артық шығынға жол береді. Бұл олардың қарыз алу, онлайн несие рәсімдеу сияқты тәуекелдерге бейім болуына ықпал етеді.

Үшінші себеп – әлеуметтік желілердің әсері. TikTok, Instagram сияқты платформаларда сән-салтанатқа толы өмір салты кеңінен насихатталады. Жастар трендке ілесу үшін

брендтік киім сатып алуға, қымбат демалысқа баруға ұмтылады. Немесе блогерлердің «оңай ақша табу» туралы жарнамаларына алданып, қаржылық пирамидаларға қатысып жатады. Бұл қаржылық сауатсыздықтың ең қауіпті көрінісі болып табылады.

Сонымен қатар психологиялық факторлар да маңызды рөл атқарады. Жастар қаржыны жоспарлауды емес, бір сәттік қанағат алуды жөн көреді. «Бүгін бар – ертең жоқ» қағидасымен өмір сүру кейде артық шығынға, қарызға батырады. Дұрыс ақша жинау дағдысы жоқ болғандықтан, олар өз болашағына қаржылық негіз құра алмайды.

Бұл мәселені шешу үшін мектеп бағдарламасына арнайы «қаржылық сауаттылық» курстарын енгізу, жастарға арналған семинарлар мен тренингтер өткізу маңызды. Сонымен қатар отбасында қаржы туралы ашық сөйлесіп, бюджетті бірге жоспарлау да пайдалы. Әлеуметтік желіде тек тұтынушылық мәдениетті емес, қаржыны дұрыс қолдану мәдениетін насихаттау қажет.

Қорытындылай келе, жастар арасындағы қаржылық сауатсыздық – заманауи қоғамның өзекті мәселелерінің бірі. Бұл тек білім жетіспеушілігінен емес, отбасы тәрбиесінен, әлеуметтік ықпалдан және психологиялық факторлардан туындайды. Егер жастар уақытында қаржы мәдениетін меңгерсе, болашағын сенімді жоспарлап, өмірде тұрақты қадам жасай алады. Сондықтан қаржылық сауаттылықты арттыру – тек жеке адамның емес, бүкіл қоғамның тұрақты дамуына әсер ететін маңызды қадам.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.